

Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 29 қыркүйектегі IV сессиясының № 86 "Қарағанды облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 22 қарашадағы № 114 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 қарашада № 6524-09 болып тіркелді

Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 29 қыркүйектегі IV сессиясының № 86 "Қарағанды облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 4007 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Қарағанды облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережеде:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Мөрмен бекіту туралы талап жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты емес";
10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешімді облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың төрағасы (немесе олардың міндеттін атқарушы тұлғалар) Комиссияның он қорытындысына сәйкес, бірлескен әкім шығару жолымен қабылдайды";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты жағдайда наградталуышының жеке өзіне тапсырылады. Құрмет грамотасын облыс әкімі және (немесе) облыстық мәслихат төрағасы, немесе олардың тапсырмасы бойынша өзге тұлғалар тапсырады";

13-тармақтың бесінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Төменгі бөлігінде облыс әкімінің және облыстық мәслихат төрағасының қолдары үшін мемлекеттік тілде мәтін орналасады, қол елтаңбалық мөрлермен расталады, қолдан кейін мемлекеттік тілде марапаттау күні көрсетіледі".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы

Н. Кобжанов